

Әкімдіктің 2016 жылғы 31 қазандағы № 485 "Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесін және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 436 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 қазанда № 8705 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 206 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 12.06.2020 № 206 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 204 "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13717 болып тіркелген) сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесін және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 31 қазандағы № 485 қаулысына (2016 жылғы 12 қарашада "Қостанайские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6696 болып тіркелген) мынадай өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың нормаларында:

реттік нөмірі 78-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

78	* ЖОЙКЫН МЕГА, 60% с.е.	литр	1875,0
----	-------------------------	------	--------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 365, 366, 367, 368, 369, 370, 371- жолдармен толықтырылсын:

"

	десмедифам, 110 г/л + фенмедифам, 110 г/л		
365	БЕТАРЕН 22, май.к.э.	литр	4214,0
	клодинафоп-пропаргил, 150 г/кг + трибенурон-метил, 48 г/кг + флорасулам, 16 г /кг + клоквинтоцет-мексил (антидот), 37,5 г/кг		
366	КОМПОЗИТ, с.ұ.	килограмм	9400,0
	имазамокс, 330 г/кг + имазапир, 150 г/кг		
367	ПАЛАДИН УЛЬТРА, с.д.т.	килограмм	70000,0
	имазамокс, 700 г/кг		
368	ПАЛАДИН, с.д.т.	килограмм	160000,0
	клопиралид, 500 г/кг + амидосульфурон, 250 г/кг		
369	СПИРИТ ФОРТЕ, с.д.т.	килограмм	27400,0
	трифлусульфурон-метил, 500 г/кг		
370	КАЗУАР, с.д.т.	килограмм	120384,0
	имазапир, 250 г/л		
371	ГРЕЙДЕР, с.г.е.	литр	12075,0

"

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов